# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№ 20 (1572)
2 маусым
2015 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


**В Алматы прошло знаменательное событие – заместитель генерального секретаря ООН по коммуникациям и общественной информации Кристина Гайяк посетила КазНУ им. аль-Фараби. Она выступила с лекцией перед преподавателями и студентами, а также приняла участие в работе круглого стола о роли университетов в устойчивом развитии.**

## ВО ИМЯ БУДУЩЕГО

Как отметила высокая гостья, целью визита стало ознакомление с деятельностью университета, возглавляющего глобальный хаб программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию и являющегося одним из лучших в мире.

«Ваш университет, не только вносит весомый вклад в решение глобальных проблем, но и стоит во главе изменений во имя мира, безопасности и будущего планеты. Отрадно, что в этот процесс все больше и больше вовлекается молодежь. Студенты КазНУ в этом направлении задают тон и являются для других примером гражданской ответственности за будущее не только своей страны, но и всего мира», – подчеркнула Кристина Гайяк, выступая с лекцией.

Также она отметила, что вуз стал локомотивом мирового академического сообщества в продвижении идей устойчивого развития, вдохновителем многих мероприятий высокого международного уровня.

*Продолжение на 2 стр.*

## ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕРІ БАС ҚОСТЫ

**ҚазҰУ-да Түлектер күнін атап өту игі дәстүрге айналды. Биыл да Түлектер қауымдастығының ұйымдастыруымен бұл күн өзіндік сән-салтанатымен өтті.**

ҚазҰУ – армандар мен мақсаттар мекені. Ол – елімізге белгілі саясаткерлер, экономистер, белгілі ғалымдар, табысты кәсіпкерлер, тарихшылар мен журналистер дайындаған алтын шаңырақ. ҚазҰУ түлектері күнінде университет қабырғасынан үлкен өмірге жолдама алған мыңдаған шәкірт өз қара шаңырақтарына келіп, бір-бірімен дидарласып, керемет әсермен мерекелі жиынға қатысты.

Жиында кеш жүргізушілері ҚР Жоғары сотының төрағасы, профессор, заң факультетінің түлегі Қайрат Мамидің құттықтау хатын оқыды. Онда: «Құрметті түлектер! Еліміздегі білім ордасының қара шаңырағы атанған бұл университеттен түлеп ұшқан мыңдаған шәкірттердің Отанымыздың ғылым-біліміне және әлемдік білім саласының дамуына коскан үлесі өте жоғары екендігі баршаға мәлім.

*Жалғасы 8-бетте*

# ВЫСОКАЯ ПЛАНКА ДЛЯ ВУЗОВ

**В КазНУ прошла международная научно-практическая конференция «Интеграция образования, науки и бизнеса как основа инновационного развития страны» с участием заместителя Премьер-министра РК Б.Сапарбаева.**




В мероприятии приняли участие депутаты Парламента РК, представители государственных органов, предприятий, международных аккредитационных центров, рейтинговых агентств, ученые, эксперты в сферах высшего образования и ректора крупнейших вузов Казахстана.

Открывая форум, ректор КазНУ, академик Галым Мутанов отметил: «сегодня мы проводим значимое и уникальное мероприятие, его цель консолидировать усилия представителей правительства, университетов, бизнеса и найти пути совместного решения задач поставленных Президентом страны Нурсултаном Назарбаевым. 100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ обозначенных Лидером Нации четко определяют цели перед вузами страны по подготовке квалифицированных кадров для устойчивого развития республики».

В своем выступлении, заместитель Премьер-министра РК Бердибек Сапарбаев сказал: «объединение компаний, науки, производства и университетов – это правильная идея, потому что ими будет осуществляться совместная подготовка специалистов для нужных в стране отраслей, и я думаю, что это даст долгосрочный и положительный результат. Подобные интеграции работают хорошо здесь, в КазНУ, и уже есть хорошие результаты этой работы. В частности, это «Технопарк» и другие исследовательские центры и лаборатории, которые создаются в первую очередь для студентов и профессорско-преподавательского состава, для того, чтобы они воплощали свои идеи в жизнь. В симбиозе сотрудничества бизнеса и образования мы должны получить конкретный результат в виде квалифицированных специалистов, научных открытий и исследований. Я также считаю что, руководство вузов должно стремиться эффективно использовать свою материально-техническую базу».

«Президент страны поставил четкую задачу перед ректорами вузов, чтобы их выпускники смогли трудоустроиться после окончания вуза. КазНУ делает определенные успехи в этом направлении, сотрудничая с компаниями и организациями, проводя совместные «ярмарки вакансий» и другие мероприятия для студентов», – подчеркнул Б.Сапарбаев.

*Продолжение на 2 стр.*


**БҮГІНГІ САНДА:**

ТҮРІК ОҚЫРМАН-ДАРЫНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАРТТЫ – 3-бет




**БҮГІНГІ САНДА:**

БИЫЛ МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 20 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР – 4-бет



**БҮГІНГІ САНДА:**

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР – 5-бет



*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# ВЫСОКАЯ ПЛАНКА ДЛЯ ВУЗОВ




Депутат Мажилиса Парламента РК Г.Исимбаева отметила: «сегодня наиболее успешными стали страны, которым удалось совместить в университетской системе теоретическую и практическую составляющую».

«Вопрос интеграции науки и образования всегда стоял на повестке дня. Стоит отметить, что первый НИИ в Казахстане был создан именно в КазНУ. Это был НИИ ЭТФ», – сказала Г. Исимбаева.

На мероприятии также выступили зарубежные гости, в частности, президент Международной Федерации Инженерного Образования Ж. Квадрадо в своей презентации рассказал об опыте подготовки инженерных кадров в Европе. Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Индонезия в РК Фостер Гултом выступил с речью о взаимодействии бизнеса с наукой и образованием на примере своей страны.

Участники конференции задавали вопросы, вступали в дискуссии и обменивались мнениями. Спикеры охотно отвечали на вопросы, делились информацией о законопроектах и нововведениях в сфере образования и науки.

На секционных заседаниях конференции были обсуждены такие темы как: «Нормативно-правовые механизмы интеграции образования, науки и бизнеса», «Партнерство университета и бизнеса в интересах повышения компетенций специалистов и их трудоустройство», «Взаимодействие образования, науки и бизнеса для формирования наукоемкой экономики страны».

В рамках конференции, для выпускников вузов прошла «Ярмарка вакансий», где студенты смогли ознакомиться с предложениями компаний и обменяться с ними контактами.

**Рустем АБРАЕВ**

РЕКТОРАТ

***Әр аптаның дүйсенбісінде өтетін ректорат отырысында университет өмірінде орын алған маңызды шаралар қорытындыланып, алдағы мақсат-міндеттер айқындалады.***

# Дәстүрлі жиын

Дәстүр бойынша оқуда озат, ғылымға құштар студенттеріне бірқатар факультеттер шәкіртақыларын табыстаған соң, ректор Ғалым Мұтанұлы теориялық және ядролық физика кафедрасының профессоры Марат Әбжанұлы Жүсіповті 75 жылдық мерейтойымен құттықтап, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» күміс медалімен марапаттады. Университет басшысы ел ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан ғалымның жоғары жетістіктерін атай келе, оның ғылымға адалдығы мен ерен еңбегін баршаға үлгі етті. Сонымен қатар жиында бас ғалым хатшы Ләззат Маратқызы Елбасы Н. Назарбаевтың ҚР Президентінің сайлауында Елбасының сайлау науқанына белсенді қатысқаны үшін университет ректоры Ғалым Мұтанұлына берілген алғыс хатымен және Алматы қаласының әкімі А. Есімов пен оның орынбасары К. Матыжановтың Н. Назарбаевтың сайлауалды жұмыстарында саяси сергектік, азаматтық белсенділік, жоғары жауапкершілік көрсеткені үшін университет ректоры Ғалым Мұтанұлына берілген алғыс хатымен таныстырып шықты.

Ал күн тәртібінде ҚР Премьер-министрі орынбасары Б.М. Сапарбаевтың қатысуымен өткен «Елдің инновациялық даму негіздері ретінде ғылым, білім беру және бизнес интеграциясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының қорытындылары тыңдалды. Шара туралы кеңінен баяндаған оқу жұмысы жөніндегі проректор Дархан Ахмед-Зәки конференцияның жоғары деңгейде өткендігін атап өтті. Сонымен қатар ол шараға ҚР Парламенті депутаттары, мемлекеттік ұйым, кәсіпорындар мен ұйымдар, ЖОО-лар, халықаралық аккредитациялық орталықтар, рейтингтік агенттіктердің өкілдері, жоғары білім беру саласындағы ғалымдар мен сарапшылар қатысқанын айта келе, конференция тұжырымдамасын көпшілік назарына ұсынды. Оның аясында ЖОО түлектері үшін «Бос қызмет орындарының жәрмеңкесі» жұмыс істеді. Дархан Жұмақанұлының айтуынша, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен жәрмеңке биыл қалалық деңгейде өтіп, түлектер компаниялар мен ұйымдардың ұсыныстарымен кеңінен танысуға мүмкіндік алды.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН**

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# Во имя будущего




Во время встречи в КазНУ участники обсудили ход реализации инициатив Казахстана по решению мировых проблем человечества – глобальной стратегии энергоэкологической безопасности, «Green bridge», «G-Global» и др., затронули вопросы формирования «дорожной карты» на текущий год, нацеленной на решение общих задач в сфере академического влияния и укрепления связей между университетами. Особое внимание было уделено повестке дня ООН развития человечества после 2015 года. Также студенты задали высокой гостье интересующие вопросы в сфере коммуникаций, информации и общественной дипломатии, которую курирует К.Гайяк, высказали свои предложения и поделились мнениями.

В мероприятии приняли участие первый постоянный представитель РК в ООН, Посол по особым поручениям МИД РК профессор А.Арыстанбекова, представитель департамента общественной информации секретариата ООН в РК В.Самек, экс-президент международной федерации обществ инженерного образования Ж.Квадрадо, преподаватели и студенты КазНУ и другие гости.

КазНУ первым среди вузов Центральной Азии присоединился к программе «Академическое влияние», которая нацелена на поддержку десяти всемирно признанных принципов ООН, касающихся прав человека, грамотности, устойчивого развития, разрешения конфликтов и сохранению окружающей среды. На недавно прошедшем втором форуме ООН по академическому влиянию с участием Пан Ги Муна, ректором КазНУ были представлены результаты работы вуза как глобального хаба. Деятельность университета получила высокую оценку генерального секретаря ООН и положительные отзывы участников форума.

**ПРЕСС-СЛУЖБА**

## БҰҰ бас хатшысының орынбасары Кристина Гайяк ҚазҰУ студенттеріне дәріс оқыды

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№20 (1572) 2 маусым 2015 жыл



# ТҮРІК ОҚЫРМАНДАРЫНЫҢ жүрегіне жол тартты

***Түркі әлемінің мәдениеті мен өнерінің дамуына үлес қосқан ТҮРКСОЙ халықаралық мәдениет ұйымының қолдауымен жуырда Анкара қаласында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың «Заман рухымен тілдесу» атты өлеңдер жинағы түрік тілінде жарық көрді. Кітап ғылымда биік белестерді бағындырған ғалымның ішкі жан дүниесінің сезімдерін өлең арқылы жеткізген шығармаларын түрік оқырман қауымына таныстыру мақсатында шығарылды.***

Жинаққа автордың уақыт, кезең, ұлттың рухқа қаттысты соңғы уақытта жазылған таңдамалы өлеңдері топтастырылған. Ғалымның поэзиялық шығармаларын қазақ тілінен түрік тіліне аударған – белгілі аудармашы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ТҮРКСОЙ халықаралық мәдениет ұйымындағы өкілі Мәлік Отарбаев.

Кітапқа түркі әлемінің құндылықтарын мәңгі сақтап қалуды мақсат ететін ТҮРКСОЙ халықаралық мәдениет ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов алғы сөз жазған. Ол: «Қоғам айнасы адам болғандықтан, сол қоғам мүшесі болып саналатын адамның ішкі жан дүниесі мен мәдени-рухани болмысы қоғам мәдениетінде көрініс табады. Бұған ғылым докторы, профессор Ғалым Мұтановтың поэзиялық туындылары дәлел бола алады. Ол кісінің шығармаларынан қазіргі таңдағы адам баласының ойлау әлемінің сан қилы көріністері мен қазіргі заман мәселелерін аңғаруға болады», – деп пікір білдіреді. Сондай-ақ белгілі түрік жазушысы, баспагер Илтер Йешилай автор шығармашылығына әдеби талдау жасаған. Онда: «Руханилықты уақыт ұғымының шексіздігімен байланыстырып, кәміл адам болудың жолында алға қарай қадам баса отырып, басынан өткен қиындықтармен, сынақтармен, нәпсімен арпалысқан Мұтанов бізге өмірдің өтпелі екендігін ұғындырып, осыған байланысты өз өмірімізді ретке келтіріп, түзеуімізге болатындығын айтатындай. Мұтановтың айтқан сөздерінен кісінің сүйіспеншілік қасиетін мен бақылау қабілетін аңғара аламыз. Ол – өтпелі өмірді жақсы адам болумен байланыстырған жан. Бұл өмірде жасаған қандай да бір әрекетіміз болмасын шексіз дүниеде бізге жақсылық не зұлымдық ретінде қайта оралатынын әу бастан ұққан тәрізді. Сол себептен де жазған өлеңдерінен мейірімділік пен жанашырлықтың лебі еседі», – деген баға беріп, жекелеген өлеңдеріне тоқталады.

Оның талдауынша, «Ана және баласы» атты өлеңінде автор ананың баласына деген шексіз сүйіспеншілігін және баласын қаншалықты уайымдайтынын көрсетіп, «мейірімділік» және «сүйіспеншілік» ұғымын аша түседі. «Сонымен қатар Мұтанов түркілердің ғасырдан ғасырға ұласып жатқан әдет-ғұрыптарына да қатты мән береді және мұны болашақ ұрпақтарымызға түсіндірудің, көрсетудің өзі мәдениетіміздің дамуына үлкен үлесін қосатындығын айтады», – дейді жазушы. Мысалы, «Еске алу» атты өлеңінде әжесінің «әр адам – қонақ» деп айтатындығы, түркілердің қонақжай болғандығын көрсетеді. «Жақсылық» деген өлеңінде бір-біріміздің хал-жағдайымызды сұрайтын ежелгі дәстүріміздің қарым-қатынасымызды одан да берік ететінін, ал жауап қатуынан сол кісіні тани алатындығымызды айтып өтеді.

Батырлықты дәріптеген өлеңдерінің бірі – «Мінездің ұқсастығы» өлеңінде әр ұлттың өзіне тән ерекшеліктерін айта келе, оның ішінде қазақ жауынгерлерінің мінезін түркілердің қасиетті жануары жылқыға теңейді. Қазақ




сардарларының қанатты ат секілді қандай жағдай болмаса да көздеген мақсатына жететін жаужүректігін, жүректерінің өзі асыл тұлпардың аяқ дыбыстарының ырғағымен соғатындығын білдіреді.

«Текті болу бір өмірдей» атты өлеңінде қазақтардың бөрілер секілді азаттыққа ұмтылып тұратындығын, шынжырмен байласа да ешкім ұстай алмайтындығын тегімізден таралған мінез, болмыс деп таниды.

Жазушы автордың өзге де шығармаларына талдау жасай келе: «Рухани әлемді заманға сай, уақыт рухында адамдарға ұсыну шеберлікті қажет етеді. Ғалым Мұтанов «Заман рухымен тілдесу» атты түрік тіліндегі шағын өлең кітапшасында өмір жолындағы сәтті қадамдары мен жетістіктерін мына өлең жолдарымен ұғындыратындай:

*Я, Досым*
*Ақыры,*
*Осы өмірге келуің өз шешімің болмаса,*
*Бір жақсылық атқарып,*
*Қараңғы жерді жарық ет.*
*Өмірің,*
*Жүректерге жылу шашсын», – деп қорытады.*

Автор өлең жолдарындағы ұлттық рухани құндылықтардың көріністері, екі халықтың дүниетанымының бір негізділігі сынды толғаулар түрік тіліне аударылу барысында өз ұйқасын тапқаны сөзсіз. Ендеше, дүниенің тұрлаусыздығы, уақыт өлшемінің қысқалығы, бұл жалғанда ең басты негіз адамдардың бір-біріне деген сыйластығы екендігі түрік поэтикалық тілінде сөйлеп, түрік оқырмандарының жүрегіне жол тартты.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН**

# НА ПОВЕСТКЕ ДНЯ – СТО ШАГОВ

**В КазНУ состоялся круглый стол «100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ: новый этап в развитии Казахстана». Соорганизатором мероприятия выступило общенациональное движение «Казахстан-2050». Итогом его работы стало решение об открытии в университете республиканского информационно-образовательного центра «Казакстан-2050».**

Собравшиеся ученые, преподаватели и студенты вуза, представители акимата г. Алматы, общественных организаций позитивно высказались в поддержку идей Главы государства. С докладами и презентациями выступили деканы факультетов: журналистики – доцент С.Медеубек и юридического – профессор Д.Байдельдинов, директор Департамента по воспитательной работе университета М.Ногайбаева, начальник Управления по вопросам молодежной политики г.Алматы М.Ахметов, медиадиректор общенационального движения «Казахстан-2050» К.Ауесбай, Президент Альянса инвесторов Казахстана А.Амиртай, портфолио-менеджер АКФ «Алматы Tech Garden» А.Махамбет, заведующая кафедрой печати и электронных СМИ, профессор Г.Султанбаева, и другие.

Участниками мероприятия были затронуты темы экономического и индустриального развития страны, а также были обсуждены механизмы реализации пяти институциональных реформ, вопросы реформирования государственного управления, пути формирования единой нации и национальной идеи «Мәңгілік ел».

Декан факультета журналистики Сагатбек Медеубек в своем выступлении затронул вопросы образования и воспитания молодого поколения в свете реализации реформ. Он выразил свою признательность молодежи, которая верит в действенность реформ и готова внести свой посильный вклад в процветание Казахстана.

«Основная цель сегодняшнего круглого стола – донести до широких кругов населения основные посылы, заложенные в новом стратегическом документе «100 конкретных шагов», которые являются по-настоящему пошаговой инструкцией по реализации пяти институциональных реформ. Ясно, что от качества реализации этой программы зависит успех вхождения нашей страны в число самых конкурентоспособных стран мира, – отметил медиадиректор общенационального движения «Казахстан-2050» Канат Ауесбай.

В своей речи руководитель Управления по молодежной политике г. Алматы Маркен Ахметов отметил, что реализация пяти институциональных реформ открывает большие возможности для молодежи. По его мнению, путь от низовых позиций карьерной лестницы до самых высот профессионального роста позволяет обрести государственному служащему богатый трудовой и жизненный опыт, что, несомненно, будет положительно сказываться на работе всего государственного аппарата.

В ходе круглого стола был презентован Республиканский информационно-образовательный центр «Казакстан-2050» и принято решение об его открытии на базе факультета журналистики КазНУ. Деятельность центра будет направлена на создание диалоговой площадки, направленной на развитие ценностей, заложенных в Стратегии “Казахстан-2050”, формирование информационной и просветительской среды, развитие толерантной и креативной молодежи, мыслящей в духе казахстанского патриотизма.

«Здесь планируется реализовать такие проекты, как: стратегическая информационная кампания «Vision - 2050», он-лайн аудиофорум с участием сельской и городской молодежи республики «Voices of Youth», встречи в формате дискуссий на природе «Жасыл даму-2050», телемост «Умная экономика», молодежный интернациональный форум «Управляй будущим!», студенческая научно-этнографическая экспедиция «Мәңгілік Ел», – пояснила заведующая кафедрой печати и электронных СМИ Гульмира Султанбаева.

Студенты, принявшие участие в работе круглого стола проявили живой интерес к обсуждаемой теме, поделились своими мнениями и предложениями, а также имели возможность получить ответы гостей на интересующие их вопросы.

**Гюльнар МУКАНОВА,**
*доцент кафедры печати и электронных СМИ*

*День защиты детей, приходящийся на первый день лета - один из самых старых международных праздников, его отмечают во всем мире с 1950 года.*

# ПРАЗДНИК ДЛЯ НАШИХ ДЕТЕЙ



Этот день профсоюз «Парасат» КазНУ всегда старается сделать ярким и незабываемым. В этом году праздничные мероприятия начались с традиционной XV шахматной олимпиады. В соревнованиях приняли участие девочки и мальчики трех возрастных групп: до 10 лет, 12 лет и 14 лет. Баталии за шахматными столами развернулись нешуточные, накалу страстей могли бы позавидовать и профессиональные шахматисты. Победители и призеры олимпиады были награждены грамотами, шахматной литературой, конфетами. Участники соревнований получили грамоты и сладкие призы от профсоюза «Парасат».

А 1 июня во Дворце студентов состоялся концерт Детского эстрадного театра «Улыбка». В этот раз участники проекта подарили своим зрителям прекрасный мюзикл «Дюймовочка». Взрослые и маленькие зрители окунулись в мир волшебства и чудесного перевоплощения. Хочется отметить, что спектакль вместе с детьми работников университета бесплатно смогли посетить и воспитанники детских домов.

Также работники биологического музея КазНУ организовали для детей экскурсии на казахском и русском языках. Особый интерес вызвали крупные животные – представители дикой природы. Сотрудники музея подробно рассказали об их особенностях и образе жизни. Увидеть животных ребята смогут и в зоопарке – профсоюзным подразделениям были выделены билеты. Все дети, принявшие участие в празднике получили подарки для развития творческих способностей – пластилин.

Говоря о подготовке к празднику, председатель профсоюза «Парасат» Талгат Мекебаев отметил: «детство – это самое счастливое время для многих из нас, мы всегда с очень теплыми чувствами вспоминаем годы нашей молодости и детства, однако далеко не все люди могут похвастаться такими радостными воспоминаниями в детском возрасте. Поэтому профсоюз предпринимает все усилия, чтобы наши дети с радостью вспоминали этот праздник».

**О.П. ЛОЖНИКОВА,**
*заместитель председателя профсоюза «Парасат» работников КазНУ ;*
**Н.П. ТАГАНОВА,**
*член профкома*

**В свет вышел сборник стихов Г.Мутанова «Заман рухымен тілдесу» на турецком языке**

## Қарлығаш МҰХТАРОВА,

### Экономика және бизнес жоғары мектебі, менеджмент және маркетинг кафедрасының меңгерушісі:

# Биыл менеджмент және маркетинг кафедрасының құрылғанына 20 жыл толып отыр

***– Әлемдік өркениетке сай білім беріп келе жатқан университеттің мақтаулы факультеттерінің бірі Экономика және бизнес жоғары мектебінде десек, Сіз басқарып отырған кафедраның жұмысы да қомақты екені анық. Биыл құрылғанына 20 жыл толып отырған кафедраның тарихына тоқталып өтсеңіз***

– Э.ғ.д., профессор Ержан Жатқанбаевтың бастамасымен менеджмент және маркетинг кафедрасы 1995 жылы құрылды. Оған әр жылдары э.ғ.д., профессор К.Н. Нәрібаев, э.ғ.к., доцент Л.П Говорухина, э.ғ.д., профессор К.Е. Кубаев меңгеруші болды. Кафедраның дамуы э.ғ.д., профессор, ҚР ҰА академигі Көпжасар Нәрібаев пен э.ғ.к., доцент Сейсенбай Джумамбаев есімдерімен тығыз байланысты.

2011 жылы менеджмент және бизнес кафедрасы маркетинг және коммерция кафедрасымен біріктіріліп, менеджмент және маркетинг кафедрасы ірілендірілді.

***– Өзіңіз айтқандай, кафедраның бүгінгі жетістіктері оның негізін қалаған ұлы ұстаздардың кешегі қажырлы еңбегінің арқасында. Бүгінгі ұжымда сол үрдіс қалай жалғасуда?***

– Қазіргі уақытта кафедрада 6 экономика ғылымдарының докторы, профессор, 16 экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, 10 аға оқытушы, 6 оқытушы мен ассистент жұмыс істейді.

Кафедраның оқытушы-профессорлық құрамының білім және ғылым саласындағы еңбектері мен қол жеткізген дәрежелері ауыз толтырарлық. Атап өтсек, экономика ғылымының докторы, профессор У.К. Шеденов Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі атағын алды. ҚР БҒМ ұйғарымымен «Қазақстан Республикасының үздігі», ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған дамыту шараларына қосқан үлкен үлесі үшін профессор У.К. Шеденов, доцент Г.С. Смағұлова және мен марапаттауға ие болдық.

Жоғарғы білім беру орталықтары арасындағы ең үздік оқытушы марапатын экономика ғылымдарының докторы А.Н. Тұрғынбаева алды. Сонымен қатар өз ісіндегі ерекше қабілеті үшін, жастарды оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша үздік оқытушы марапаты төсбелгісімен экономика ғылымдарының кандидаты С.Т. Купешова марапатталды.

Кафедраның ғалымдары У.К. Шеденов, Е.Б. Жатканбаев, Г.Н. Сансызбаева, Д.А. Құнанбаева, С.К. Джумамбаев, Ж.О. Тумбай, К.Е. Өтепберген, А.М. Джулаев, С.Т. Купешова, Г.С. Смағұлова, Г.Б. Нұрсейтова, Л.Ж. Әшірбековалардың арқасында жыл сайын Білім және ғылым министрлігінің грифімен әртүрлі мамандықтарға арналған оқулықтар жарық көруде. Мысалға, «ҚР экономикалық қауіпсіздікті мемлекеттік басқару», «Экономиканы мемлекеттік реттеу», «Мемлекеттің әлеуметтік саясаты», «Стратегиялық менеджмент», «Өндірістік менеджмент», «Ұйымдастырушылық мінез-құлық», «Менеджмент тәуекелі», «Персоналды басқару», «Аймақтық экономика және басқару», «Мемлекеттік басқару теориясы», «Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру», «Жобаларды басқару» секілді т.б. оқулықтары студенттерге экономикалық білім беру барысында таптырмас құрал болып отыр.

Сонымен қатар жыл сайын кафедра ұжымы Қазақстан мен шетелдік ғылыми журналдарда елуден астам мақалалар жариялап, университет имиджін қалыптастыруға өзіндік үлесін қосып келеді..

Кафедраның профессорлары жетекшілік еткен, соның ішінде Е.Б. Жатканбаевтың 4 экономика ғылымдарының докторы, 35 экономика ғылымдарының кандидаты, 4 PhD; У.К. Шеденовтің 4 экономика ғылымдарының докторы, 25-тен аса экономика ғылымдарының кандидаты, 4 PhD; өзім жетекшілік еткен 12 экономика ғылымдарының кандидаты, 6 PhD; Г.Н. Сансызбаеваның 1 экономика ғылымдарының докторы Қазақстан экономикасының дамуына қосқан үлкен еңбектеріміз деп түсінемін.



***– Студенттерге сапалы білім мен тәлімді тәрбие беріп, заманалы білім көкжиегін кеңейтіп отырған кафедраның бүгінгі тынысы қандай?***

– Кафедра мүшелері құрылған 20 жыл ішінде белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді. Оның нәтижелері ретінде отандық және халықаралық деңгейдегі іргелі зерттеу жұмыстарын орындауды атауға болады.



Қазақстандағы аккредиттеу және рейтингтік агенттіктерінің жыл сайынғы бағалаулары бойынша кафедрамыздың «Менеджмент», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг» мамандықтары алдыңғы орындарды иеленді.

Қос дипломдық білімді жетілдіру мақсатында кафедра әлемнің жетекші университеттерімен халықаралық байланыстар орнатып, келісімдер жасасты. Атап айтатын болсақ, «Бизнес – мектеп», «Страсбург менеджмент мектебі», (Франция), «Ресей халықтар достығы университеті» (Ресей Федерациясы), «Новосібір мемлекеттік университеті» (Ресей Федерациясы), «Ресейдің Орал федеративті университеті» (Ресей Федерациясы). Осылардың ішінде «Страсбург менеджмент мектебі» келісіміне сәйкес екі студент бакалавриат бойынша, «Ресей халықтар достығы университеті», «Новосібір мемлекеттік университеті» келісімдеріне сәйкес жиырмаға жуық магистранттар қос дипломның иегерлері болды.

2009 жылдан бастап кафедрада «Менеджмент» бағыты бойынша MBA жобасы жарияланып, табысты түрде өз түлектерін ұшырып та үлгерді. Мұның мақсаты орта және жоғары маманданған менеджерлерді дайындау болып табылады. Бұл жобаның барлығын экономика ғылымына өз үлесін қосқан, шет мемлекеттердегі және қоғамдық секторда жұмыс жасайтын эксперт-оқытушылар дайындады.

2013-2014 оқу жылынан бастап кафедрада жобалық менеджерлерді дайындау орталығы жұмыс атқарады.

Менеджмент және маркетинг кафедрасында «Менеджмент», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг» мамандықтары бойынша Республикалық оқыту-әдістемелік ұйымының шағын секциялары жүзеге асырылады.

Кафедра ұжымының тағы бір ауыз толтырып айта алатын жұмыстарының бірі – 7 жыл қатарынан ұйымдастырып келе жатқан «Менеджмент», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг» мамандықтары бойынша Республикалық пәндік олимпиадалары. Әр жыл сайын кафедра 150-ге жуық студенттер мен магистранттарды дайындайды. Солардың көбі мемлекеттік басқару жүйесінде, ҚР Ұлттық компанияларында, отандық және халықаралық бизнесте лауазымды қызметтерді атқарады.

***– Сіз басқарып отырған кафедра студенттері білім бәсекесінде қай деңгейден көрініп келеді?***

–Менеджмент және маркетинг кафедрасының студенттері университетіміздің мәдени-көпшілік шараларына, ғылыми жобаларға, байқауларға, олимпиадаларға белсенді түрде қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

Атап айтатын болсам, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының студенттері Үміт Сермағанбет, Әмина Баржақсыева, «Маркетинг» мамандығының магистранты Ақтоты Сәрсенова ҚР Ұлттық банктің атаулы шәкіртақысын тағайындау байқауында 1-орынды иеленді.

2014 жылы университеттің жанында құрылған студенттер бизнес-инкубаторының ұйымдастыруымен өткен инновациялық жобалардың байқауы-жәрмеңкесінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 3-курс студенттері жүлделі орынға ие болды. Сонымен қатар «Логистика» мамандығының 2-курс студенттері ENACTUS world wide жобаларының халықаралық байқауы шеңберінде Enactus Kazakhstan Қазақстан чемпионатына қатынасып, 3-жүлделі орынның иелері атанды.

Менеджмент және маркетинг кафедрасының студенттері, магистранттары, докторанттары жыл сайын қазақстандық басылымдарда 200-ден астам, жақын және алыс шетел басылымдарында 20-дан астам мақалалар жариялауы үлкен жетістік деп білемін.

Сондай-ақ кафедрамыздың 9 студенті – «Тайбурыл» қорының стипендиаттары. «Логистика» мамандығының 4-курс студенті Әйгерім Өтепберген «Халық банкінің» стипендиаты болып табылады.

***– Кафедраның алға қойған мақсат-міндеттері, даму бағыттары қандай?***

– Бүгінгі уақытта университеттің, соның ішінде кафедраның алдағы маңыз беріп отырған жұмыстарының бірі – бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредитациялауда оң баға алу.

Келесі алдағы жоспарымыз заман талабы мен ағымына сәйкес, «Менеджмент», «Маркетинг», «Жобаларды басқару» пәндерінен электрондық оқулықтарды дайындау негізінде он-лайн курстарын ұйымдастыру және жетілдіру болып отыр. Сол арқылы білім беру қызметін әртараптандыру жүзеге асады.

Сонымен қатар болашақта бітіруші түлектердің сұранысқа ие болу деңгейін көтеру мақсатында жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, оқу жоспарларын жасау, студенттер мен магистранттардың бітіру жұмыстарына кафедра оқытушыларымен бірлесіп жетекшілік ету үшін практик мамандарды тарту әрқашан күн тәртібінде.

Басты мақсатымыз, әрине, студенттерді біліммен қаруландырып қана қоймай, оларға мамандығы бойынша тәжірибе беру арқылы табылатын дуальдық білім беруді дамыту, бір сөзбен айтқанда, бәсекеге қабілетті маман даярлау.

***– Сұхбаттасқаныңызға рахмет!***

*Сұхбаттасқан,*
**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

**ҚазҰУ-да ҚР Премьер-министрінің орынбасары Б.Сапарбаевтың қатысуымен «Елдің инновациялық даму негіздері ретінде ғылым, білім беру және бизнес интеграциясы» атты конференция өтті**



**Раиса Алексеевна Музычкина – доктор химических наук, профессор кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров, крупный ученый, педагог, признанный специалист в области химии лекарственных растений.**

# Ученый с большой буквы

Ее научные труды по химической модификации природных соединений, направленному синтезу биологически активных веществ, изучению взаимосвязи природы веществ и их биологической активности широко известны и признаны в научном мире.

Раиса Алексеевна является обладателем званий «Отличник образования Республики Казахстан», «Заслуженный деятель науки и образования», член-корреспондентом Российской Академии естествознания. Она награждена нагрудным знаком «За заслуги в развитии науки РК», почетной грамотой Фонда Первого Президента РК, медалью в честь 75-летия КазНУ, медалью Аль-Фараби, золотой медалью и дипломом Международного фонда «Научное партнерство» за выдающиеся достижения в области химии природных соединений, Европейской Золотой медалью и Дипломом качества «Diploma di Merito» Европейской Научно-Промышленной Палаты «За фундаментальный вклад в образование и органическую химию» (г. Брюссель), медалью А. Вернадского. По итогам конкурса МОН РК за 2011 год она стала обладателем государственного гранта и звания «Лучший преподаватель РК».

Р. Музычкина в 1962 году с отличием закончила химический факультет КазНУ им. С.М.Кирова, в стенах которого прошла путь от лаборанта до доктора химических наук, профессора. За годы работы в университете она показала огромный пример того, как надо вести научно-исследовательскую работу, обучать студентов по органичексой химии и химии растений, проводить воспитательную работу.

В 1990 году Раиса Алексеевна в Уральском научном Центре АН СССР успешно защитила докторскую диссертацию и по настоящее время работает в должности главного научного сотрудника Центра, профессора кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров. Ее научная деятельность связана с перспективной и актуальнейшей областью – созданием биологически активных веществ и лекарственных препаратов на основе дикорастущего растительного сырья Казахстана. Она является крупнейшим специалистом в области химии антрахинонов, единственным в Республике Казахстан специалистом в этой области.

Ею создан и внедрен в медицинскую практику антидерматический препарат «Рамон», который включен в Государственный Реестр Республики Казахстан и в перечень жизненно важных препаратов. Также она является консультантом работ по использованию одного из разработанных ею препаратов в практике лечения химических, термических и механических повреждений роговицы глаз, проводимых в НИИ глазных болезней МЗ РК. Также ею впервые создана серия препаратов из растений с высокой противоопухолевой, радиозащитной и другими видами активности.

Раиса Алексеевна выполняет большую научно-исследовательскую работу по темам: «Целенаправленная химическая модификация структур природных антрахинонов. Выявление взаимосвязи «структура-активность»», «Изучение качественного и количественного состава казахстанских видов растений горец, имеющих достаточные для освоения запасы; выделение и установление структур новых соединений; отработка технологических параметров переработки перспективных для внедрения видов», «Разработка новых антивирусных препаратов растительного происхождения для профилактики и лечения вирусных заболеваний человека», «Разработка новых лекарственных средств на основе перспективных отечественных растений, применяемых в народной медицине, и изучение их биологических и фармакологических свойств», «Разработка технологии получения новых биологически активных препаратов на основе природных антрахинонов», и всегда рядом с ней работают студенты и магистранты факультета.

Р. Музычкиной подготовлены 2 доктора и 7 кандидатов химических наук. Опубликовано 15 монографий, 1 учебник, 576 научных статей, 12 учебных и учебно-методических пособий. Результаты исследований защищены 40 патентами России и Казахстана, авторскими свидетельствами СССР, 23 Фармакопейными статьями России и Казахстан.

Ее учебными пособиями, такими, как «Биологически активные вещества растений: выделение, разделение, анализ», «Качественный и количественный анализ основных групп БАВ в лекарственном растительном сырье и фитопрепаратах», «Основы химии природных соединений» активно пользуются не только студенты, магистранты и докторанты специальностей: «Химия» и «Химическая технология органических веществ», но и преподаватели кафедры.

В настоящее время Раиса Алексеевна полна творческих сил и замыслов, вместе со своими учениками успешно продолжают исследования в области химии лекарственных растений и синтеза производных антрахинона.

Дорогая Раиса Алексеевна, мы, от имени профессорско-преподавательского состава кафедры и Ваших учеников, хотим выразить через газету «Қазақ университеті» свою оргомную благодарность и признательность за Ваше труд и умение обучать. Позвольте нам, в честь Дня химика и 75-летия пожелать Вам доброго здоровья, долгих лет жизни и дальнейших успехов в научных стремлениях и начинаниях!

**Григорий МУН,**
**Юлия ЛИТВИНЕНКО,**
**Анастасия ШЕВЧЕНКО**

# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университеттік «Өнегелі өмір» тағылымнамалық сериясымен «Әбілфайыз Ыдырысов» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Салтанатты шараға еліміздің белгілі тұлғалары мен жазушылары, БАҚ өкілдері, университет оқытушылары мен студенттері қатысты.**

Кітап ғалым, қоғам қайраткері, публицист, жазушы Әбілфайыз Ыдырысовтың 85 жылдық мерейтойына арналып шығарылып отыр. Оған Әбілфайыз Ыдырысовтың қазақ журналистикасына жасаған қызметін баян ететін мақалалар мен сұхбаттар, замандастар лебізі, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтастырылған.

Бар ғұмырын ҚазҰУ-ға арнаған абыз ақсақал ортаға келгенде жиналған көпшілік орнынан тұрып, ерекше ықыласпен қарсы алды. Бүгінгі БАҚ саласындағы майталман журналист, қарымды қаламгер, абыройлы басшы –қазақ журналистикасының тұтқасын ұстап жүрген белді аға буынның бапкері болған ұстаз дәл осы күні шәкірттерімен сағына қауышты. Тұсаукесер рәсімін университет ректоры академик Ғ. Мұтанов ашып, жүректен шыққан жылы лебізін жеткізді. «Бір факультетте жарты ғасырға жуық үздіксіз дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеген Әбекеңнің өмірі шынымен де өнегелі. Өнегелі үлкен кеңістікке шығып, бізге дәріс оқыды. Сіздің әрбір дәрісіңіз біздің жүрегімізде осы күнге дейін сақтаулы. Газет-журнал өндірісінде жүргендіктен, Сізді ұдайы есімізге алып отырамыз», – деп ұстаздың тәлімді дәрістері мен оқулықтарын тілге тиек етті.

Ал «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық газеті Алматы бөлімшесінің директоры Қорғанбек Аманжол: «Ағамыз ең демократияшыл ұстаз еді. Темірбек Қожакеев темірдей тәртіп орнатып тұрған кезде Әбілфайыз ағамызды «Алтай ағ»а дейтінбіз. Ағамыздың сабағынабарынша сағына күтіп жүретінбіз. Ағамыздың жүрегі аққу сезімге, адалдыққа толы. Терең болмысы, жан иірімінен таралып жатқан мөлдір махаббаты жарына деген іңкәрлікті білдіреді. Дәл осы көріністі әлі де қаламға арқау етуге болады", – деп ұстазының ерекше қасиеттерін бағамдап берді. Сондай-ақ, тұсаукесерде ҚазҰУ ректорының кеңесшісі Б. Жақып, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы Ө.



болатыны ол, алдымен, өз отбасында ұлағатты ұл, қылықты қыз тәрбиеледі. Балаларының алды мемлекет қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді. Сонымен бірге атағы әлемге танылған әйгілі журналистер, қаламгерлер, қоғам және мемлекет қайраткерлерін, өз саласының білікті мамандарын тәрбиеледі», – деді ректор.

Кездесу Ә. Ыдырысовтың педагогтық қызметіне байланысты фильмнің көрсетілімімен жалғасты. Өз кезегінде сөз алған Ә. Ыдырысовтың досы, танымал балалар дәрігері К.Ормантаев: «ҚазҰУ үлкен тарихи мәселелерге мән беріп отыр. Танымал азаматтардың өнегелі өмірін сипаттайтын тамаша құнды дүниелерді жарыққа шығарып отыр. Бүгінгі тұсаускер майталман журналист-жазушы, ұстаз Ә.Ыдырысовтың өмірі мен шығармашылығына арналып отыр. Ыдырысов әлемімен таныстыратын бұл тағылымды еңбектің студент жастар үшін берері мол», – деген пікірін жеткізді.

Ұлағатты ұстаздың шәкірті, «Қазақ газеттері»ЖШС бас директоры Жұмабек Кенжалин: «Әбілфайыз ағамыз –қазақ руханиятына еңбек сіңірген қасиетті Торғай жерінен шыққан үлкен қайраткер. Сол өңір ғұламаларының ілімін іліп, Алматыға келіп, Әбдиманұлы және ұстаздың дос-жарандары, іні-қарындастары, жазушы-журналистер сөз алып, лебіздерін білдірді.

Шара барысында сөз алған кездесудің бас кейіпкері – Әбілфайыз Ыдырысов: «Менің ұстаздық қызметім өткен алтын ұям – ҚазҰУ-ым республика емес, әлемдегі ең беделді білім ордасына айналып келеді. Студенттер, сіздердің дәл осы оқу ордасында көп мүмкіндіктеріңіз бар. Мен бүгін өзім туралы тыңғылықты кітап жаздырып, осындай керемет кездесу ұйымдастырған ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтановқа шексіз алғыс білдіремін!» – деп ризашылығын жеткізді.

Кеш соңында университет ректоры ардагер ұстазға университетке сіңірген ерен еңбегі үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалін табыстады. Әсерлі кездесуді жас айтыскер ақын, ҚазҰУ магистранты Амангелді Сейітхан ағаға арнауымен аяқтап, көпшіліктің көңілін бір серпілтіп тастады. Сондай-ақ жиналған қауымға автордың қолтаңбасы қойылған кітаптар тарту етілді.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

# ӨМІРІ КӨПКЕ ӨНЕГЕ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университеттің «Өнегелі өмір» сериясымен «Сағат Әшімбаев» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Кітап әдебиеттанушы, сыншы, тележурналист, қоғам қайраткері, жазушы Сағат Әшімбаевтың еңбегі мен шығармашылығына арналған. Жазушы өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция аясында өткен шараға еліміздің белгілі тұлғалары мен жазушылары, БАҚ өкілдері, университет оқытушылары мен студенттері қатысты. Сонымен қатар бұл күні Сағат Әшімбаев атындағы дәрісхана салтанатты түрде ашылды.**

Тұсаукесер рәсімін университет ректоры Ғ. Мұтанов ашып, жүректен шыққан жылы лебізін жеткізді. «Қазіргі таңда біздің қоғамға Сағат Әшімбаевтай азаматтар керек. Бұл кітаптың негізгі идеясы – «болмасаң да ұқсап бақ» дегендей, елім деген азаматтарды жастарға үлгі ету. Әсіресе, бүгінгі аудиторияның ашылуы – үлкен мәртебе. Ертең сол жерде көптеген тағылымды дәрістер оқылады. Осы жерде Қазақстан елінің айтулы тұлғалары мен азаматтары қалыптасады деп сенеміз», – деп үлкен іске сәттілік тіледі.

Қоғам және мемлекет қайраткері, университеттің журналистика факультетінің түлегі, жақында ғана осы серияның кейіпкері болған Қазақстан Республикасының Парламенті мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов кездесуде толғана сөйледі: «Жас кезден таныс, сырлас, мұңдас болып, кейде келісе алмай жүргеніміз – өмірдің шындық жолы. Бір өкініштісі арамызда өзі жоқ. Сағаттың төгіліп кететіні бар еді. Алғашқы керемет мақалалары «Социалистік Қазақстанға» шығып жүрген кезінде мен ауданда едім. Оны үлкен ғұлама академик біреу шығар деп ойлаушы едім. Кейін танысқанда менен екі жас кіші болып шықты. Сағат ерте есейген, ерте толысқан, ерте білім алған жігіт еді. Халықтың жағдайы оны қатты толғандырды. Бұл кітап Сағаттың шығармашылық деңгейін, қабілетін көрсететін бұрынғы дүниені қайта жаңғырту емес, болашаққа жаңа жол ашар дүние деп білемін», – дей келе, парасаттылықпен, біліміділікпен ұйымдастырылған шара үшін осы серияның бастаушысы ректорға алғыс білдірді. Бұны мемлекеттің, ұлттың санасын, сапасын көрсететін ғибратты шара деп есептейтінін жеткізді.

Баспагер Бексұлтан Нұржекеұлы: «Оқыған адамның айтатыны көп болады. Оқымаған адам ештеңе айта алмайды. Білімді адамда адамгершілік болады, мәдениетті адамда адалдық болады. Мәдениетсіз адамда шындық та, адалдық та, ештеңе де болмайды. Сағат осы тұрғыдан келгенде өзін-өзі көтерді. Ол өзінің білімі арқылы көтерілді», – деп, оның білімділігін, адалдығын, адамгершілігі мен азаматтық парасаттылығын сағынышпен еске алды. Сонымен қатар қарымды телепублицист жүргізген "Парыз бен қарыз" хабарының теледидар тарихындағы орнының тым бөлек екендігін тілге тиек етті. Қоғамдық сананың қалыптасып, ұйқыдағы ойдың оянуына, ұлттық сана-сезімнің сілкініске келуінде бұл хабардың атқарған рөлінің зор екендігі айтылды.

44 жыл ған өмір сүрген Сағат Әшімбаев артына «Сын мұраты», «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық», «Шындыққа сүйіспеншілік», «Ақиқатқа іңкәрлік» сынды кітаптар қалдырып кетті. Сондай-ақ абайтанушы ретінде де танымал болған Сағат Әшімбайұлы кейінгі журналист ұрпақтың есінде тоғышарлық атты «індетпен» күресуші күрескер ретінде сақталып қалғанын білеміз.

**Айжан ТОҚШЫЛЫҚОВА,**
*журналистика факультетінің*
*3-курс студенті*

***В КазНУ состоялись открытие аудитории имени писателя Сагата Ашимбаева и презентация книги из серии «Өнегелі өмір», посвященная его жизнедеятельности***

# «АҚ АЗУ»

## шытырман әңгімесі турасында

***«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» әлеуметтік-инновациялық жобасы негізінде ұсынылған шығармалардың бірі – американ жазушысы Джек Лондонның «Ақ азу» атты еңбегі.***

Джек Лондонның «Ақ азу» (ағл. White Fang) атты шығармасы шытырман әңгіме болып табылады. Әдеби шығармада қолға үйретілген қасқырдың тағдыры туралы әңгіме қозғалады. Шығарманың басты ерекшелігі — оқиғаның жануарлар көзқарасымен, оның ішінде Ақ азудың өзінің көзқарасымен өрбуінде. Бұл шығарма алғаш рет 1906 жылы мамыр айынан бастап қазан айы бойы The Outing Magazine журналының бірнеше нөмірлерінде жарық көрген.

Шығармада кейіпкер ретінде табиғи көріністер, солтүстіктің кең жазығы, шексіз жолдар, қасқыр тобыры, жағалаудағы ауылдар берілген. Автор өз еңбегінде табиғат заңдылықтарының өте қатаң екендігін, дегенмен оның әділ екендігін нақты жеткізе білген. Адам осы табиғат заңдылықтарына қайшы келгенде ғана қиыншылықтарға тап болатындығына көз жеткізеді. Джек Лондон Ақ азудың іс-әрекеттерін егжей-тегжейлі сипаттайды. Жазушы тірі жанға деген дұрыс қатынас пен ілтипат оны сүйіспеншілікке сүйіспеншілікпен жауап қатуды үйрететінін көрсетеді. Ақ азу үшін сүйіспеншілік өмірден де қымбат екенін білдіртеді.



Бұл кітапта үнділер, эскимостар, жеңіл ақша мен шытырман оқиғаларды қуушылар туралы да айтылады. Әңгіме желісінде адамдардың жануарларға деген әртүрлі қатынастары бейнеленеді. Бір адамдар мейіріммен қараса, ал кейбіреулер қатыгездікпен қарайды. Ақ азудың өз адал еет мен иесін кездестіргенше басынан небір қатыгездік пен ұр-тоқпақты өткергені баяндалады. Джек Лондон қасқыр тірлігін суреттеу арқылы зұлмат орта моралін айыптайды. «Ақ азу» деген хикаятында қасқырдың адамға достығы, оны үйретсе үй жануары сияқты болатыны, өз иесіне адал қызмет ететіні жазылған. Адамның мейірімділігі мен қамқорлығына қасқыр жүрегі де адалдық және риясыз сүйіспеншілікпен үн қатады.

Бұл шығармада адамға оның адал еет иттің көзімен қарауға мүмкіншілік береді. Әрбір ит үшін адам Құдай сияқты болып табылады. Ол барлық заттарды игере алады, от жаға біледі, ол жер бетіндегі барлық тіршілікке бұйыра біледі, оның құдіретінде еет жоқ. Ал сол қуат күші қаншалықты жиі әлсіз және қорғансыздарды қорлайды. Ақ азу да осындай қорғансыз болғандықтан талай еет қатыгездікке ұшыраған.

Жазушы тірі әлемнің әсерлі және толық бейнесін жасайды. Солтүстік табиғатының қатаң ызғары қасқырлар мен боранның гуіліндей берілген. Сондай-ақ қатал ортада өмір сүрудің өзі үнемі күрестен тұратындай. Дегенмен осындай қаталдықта адамдар бір-бірін қорғай білмейді. Бірақ тіпті Солтүстіктің түтіккен түсінің өзі кейде түкке тұрарсыз болып көрінеді. Бұл жердің өзіндік сұлулығы көз тартады. Көктемі көктемдей, бірақ күні бәрінен де қымбат.

Ал қарапайым және адал тірі жан бақыты үшін тек келісім мен татулықта өмір сүру керектігі нақтыланады. Жазушы бұл хикаятты оқып отырған адам жануарларға немқұрайлы қарамаса, онда Ақ азудың қайғылы тағдыры кезекті еет адамға шындықты растайтынын ашып көрсетеді. Сүйіспеншілік пен адалдық тек өзара сүйіспеншілікке жетелейді. Сол жартылай қолға үйретілген қасқырдың адамға достығы, өз иесіне адал қызмет етуі адамның өз сүйіспеншілігінде екендігін жеткізеді. Шытырман оқиғаның дәл осылай аяқталуы сүйіспеншілік пен жан жылулығы тек бақытты өмірге әкелетінінің айғағы екендігін нақтылай түседі.

Қорыта келгенде бұл шығарма жастарды адамгершілікке, мейірімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

**К. ЖАНАТАЕВА,**
*ТҮРІКСОЙ кафедрасының аға оқытушысы*

# Айтары мол туынды

**Жазушылық – табиғат сараң сыйлайтын өнерлердің бірі. Сөзді сөзге жалғап, оны халықтың жүрегіне жеткізіп, оқырман көңілін таба білу де оңай емес. Қазақ «Сөз бастау қиын, тауып айтсаң мереке қылады, таппасаң келеке қылады» дегендей әдебиет әлеміне қалам сілтеу – кез келгеннің қолынан келмейтін іс. Ал, Джек Лондонға келетін болсақ, ол осы тылсым күштің бір дәлелі секілді. Нәбары 17 жасынан қолына қалам алып, әдебиет әлеміне бет бұрып, әдеби шығарма жаза бастағаны да тегін емес. Осындай ұлы жазушыларға өмір сараңдық танытады. Бар-жоғы 40 жыл өмір сүрсе де, артындағы өнегесі халық жадында сақталған.**




Абай атамыз: «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, артына өлмейтұғын сөз қалдырған», — десе, халқымыз: «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді», — деп жатады. Осындай талант иесінің «Қар қызы», «Солтүстік жорығы», «Тыртық адам», «Өмірге құштарлық», «Айлы алқап», «Ақ азу» сынды қазақ тіліне аударылған, әлемдік әдебиеттен орын алған шығармалары бар. Соның бірі — «ҚазҰУ студенттері оқуға тиіс 100 кітаптың» тізіміне енген «Ақ азу» шығармасы.

Бұл шығарма еркіндікте өмір сүретін жыртқыш, қайратты аң қасқыр туралы жазылған. Қасқыр — басқа жануарларға ұқсамайтын дара қасиеті болмысы бөлек аң. Ол ешқашан біреудің жемтігімен және арам даладан табылған өлексемен қоректенбейді, таза әрі өзінің еңбегімен ғана жейді.

«Ақ азу» шығармасында күшіктің көзін ашқан кезінен дүниені қабылдауы өз түйсігі арқылы бейнеленеді. Оның өмірі адамдар арасында басталады. Оның атын «Ақ азу» қойып, қолға үйрете бастайды. Көзін тырнап ашқан күшік кезінен асыраған қасқырдың адамға достығы, оны үйретсе үй жануары сияқты болатыны, өз иесіне адал қызмет ететіні айтылған. Ал, Мұхтар Әуезов «Көксерек» шығармасында қасқыр адамға дос емес, жау екендігін дәлелдеп көрсеткендей. Шыңғыс Айтматов бұл туралы «Жан пида» деп аталатын шығармасында қасқырдың қасқырлық жолға түсуіне жұмыр басты пенденің өзі кінәлі деген пікір жазды. «Ақ азудың» бір ерекшелігі – қасқырдың өзіндік ойының, пікірінің болуы, оны ашып жеткізе білуі жазушының өнерін айқындап көрсеткендей. Джек Лондон осы шығарма арқылы адамдардың салт-дәстүрін айыптап, адамдар арасындағы қым-қиғаш түрлі көзқарастарын, сол қым-қуыт заманды да ашып көрсетіп, оны толықтай жеткізе алды.

«Ақ азудың» негізгі желісі – өмір сүру үшін жанталасқан адам жанкештілігін баяндау. Шығарма соңында қартайған Ақ азу өзінің өміріндегі өзгеріске мойынсұнып, адамдар ортасынан ажырамай, ежелгі жауы иттермен де ымыраға келіп өмір сүреді. Шығарма соңы адам мейірімі бәрін жеңеді деген ойға жетелейді. Осы повестің тағы бір айта кетерлік ерекшелігі – әдеби троптарды, яғни метафоралар, ауыспалы мағыналарды көптеп қолдану арқылы шығарманы аша білген. Джек Лондон шығармаларының құрылысы мен мазмұнын ұштастыра білген әлем әдебиетінің биігі шоқ жұлдызы екенін дәлелдей түскен тәрізді. Оның шығармалары XX ғасырдан бастап әртүрлі тілге аударылып таратыла бастаған. Сол аудармалар, оның басқа да туындылары әдебиет сахнасында өз орны бар әлемдік аренада жүрген шығармалар болып саналады. Өзінің мазмұны жағынан да, құрылысы жағынан да ерекше шығармалар ғана әлемді мойындатып, өз оқырмандарын табары анық. Міне, Джек Лондон шығармалары да сондай кітаптар қатарында. Оның шығармалары әлемдік деңгейде өзінің құнын жоймақ емес!

**А. БЕКҚАЖИЕВ,**
*тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенті*

*Д. Лондон «Белый клык» отрывок*

*...Генри развел большой костер, так как он знал, что только огонь служит прем радой между его телом и клыками голодных волков. Обе собаки сидели у ног своего хозяина – одна справа, другая слева – в надежде, что он защитит их; они выли, взвизгивали и принима–лись исступленно лаять, если какой-нибудь волк подби–рался к костру ближе остальных. Заслышав лай, весь круг приходил в движение, волки вскакивали со своих мест и порывались вперед, нетерпеливо воя и рыча, потом снова укладывались на снегу и один за другим погружались в сон.*

*Круг сжимался все теснее и теснее. Мало-помалу, дюйм за дюймом, то один, то другой волк ползком подвигался вперед, пока все они не оказывались на расстоянии почти одного прыжка от Генри. Тогда он выхватывал из костра головни и швырял ими в стаю. Это вызывало поспешное отступление, сопровождаемое разъяренным воем и испуганным рычанием, если пущен–ная меткой рукой головня попадала в какого-нибудь слишком смелого волка.*

*К утру Генри осунулся, глаза у него запали от бессонницы. В темноте он сварил себе завтрак, а в девять часов, когда дневной свет разогнал волков, принялся за дело, которое обдумал в долгие ночные часы. Он срубил несколько молодых елей и, привязав их высоко к деревьям, устроил помост, затем, перекинув через него веревки от саней, с помощью собак поднял гроб и установил его там, наверху.*

*– До Билла добрались и до меня, может, доберутся, но вас-то, молодой человек, им не достать, – сказал он, обращаясь к мертвецу, погребенному высоко на де–ревьях...*

***Бетті жүргізген әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері Жұлдыз МАНАПБАЕВА***

***Журналистика факультеті және «Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысының ұйымдастыруымен «5 институционалдық реформаны жүзеге асырудағы 100 нақты қадам»: Қазақстан дамуындағы жаңа кезең» атты дөңгелек үстел өтті***

**Жақында әдебиеттану және шетел филологиясы кафедрасында неміс тілін екінші шет тілі ретінде қазақ, орыс топтарында оқып, үйреніп жатқан студенттердің ұйымдастыруымен жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Махаббатсыз дүние бос» атты мерекелік шара өтті.**

# «Махаббатсыз дүние бос»

Бұл кеште студенттер өздері саналы түрде екінші шет тілі ретінде таңдап алған неміс тілін қандай дәрежеде меңгергенін көрсету арқылы өз ұстаздарының, жиылған көрермен-қауымның алдында есеп берді. Кеш жүргізушілері – Ержан Аякешов пен Назгүл Салиеваның неміс, қазақ тілдерінде айтқан әзіл-қалжыңға толы иірімдері жұрттың көңілін бірден көтеріп тастады. Шараның мақсаты – неміс ақындары Гёте, Гейненің өлең жырларындағы Отан-анаға, елге, туған жерге, оның ғажап табиғатына, өскен ортаға, айналаңда жүрген адамдарға деген ұлы да аяулы сезімдерге толы ойлары арқылы студент-жастардың санасына ой салу. Кештің қозғаушы күшіне айналған ұлы Абайдың асқақ сезімге толы дана сөзі оның өн бойынан сезіліп тұрды. Иә, махаббат – біреуді, бір нәрсені жақсы көру, айналаңды қоршаған табиғи сұлулыққа құштарлық, адамзатты аздырмайтын рухани құндылық, адамның өмір сүрудегі рухани моральдық кодексі. Ф.М. Достоевский де «Әлемді сақтайтын – махаббат» деген екен. Күнделікті күйбең тірлікте жан-дүниеңді түрлендіріп, бақытты ету де оның құзырында. Оның өз деңгейінде өтуіне ерекше үлес қосқан студенттердің денін факультетте ұйымдастырылған «Неміс әні» үйірмесінің мүшелері құрады. Олардың хормен шырқаған неміс халқының фольклорлық әндері жиналғандарға аудармашысыз-ақ түсінікті болды. Өйткені әрбір ән мини-қойылым сияқты театрландырылды. Кешке келген көрермендер көптеген нөмірлерді тамашалай отырып, студенттердің аз ғана уақыт өткеніне қарамастан екінші тілді меңгере бастағанына, олардың тілді үйренуге деген зор ықыластарына, ұшқыр ойларына, таланттарына, тілді меңгерудегі жетістіктеріне тәнті болды. 3-ЕШТ қазақ тобы студенттері – Арайлым Абубакирова, Айгерім Ахметова, Ержан Аякешов пен Махмет Қасым сахналаған «Das Herz», «Die Zimmerbestimmung» қойылымдары, орыс тобының студенттері – Борзунова, Лукаш Анастасия, Камила Кунева сомдаған Гетенің махаббат лирикасына қойған композициясы өте сәтті шықты. Хормен және жеке дауыспен айтылған немістің халық әндерімен қатар күлдіргі, ойнақы айтылатын «Swiegermamama», «Heut kommt der Hans zu mir», «Juschkulei», «Der beste moment», «Felicita», «Pariser tango» сияқты заманауи әндер де, кәсіби шеберлікпен орындалған үндінің ғажайып биі де, Отанға, елге деген махаббатты дәріптейтін көркем-әдеби құрылымдар да көрерменді бей-жай қалдырмады. Сөз жоқ, олар осы махаббатқа толы есеп беру кеші арқылы өздерінің қасиетті білім ордасына, екінші шет тілін үйреткен ұстаздарына деген шынайы ризашылық сезімдерін білдірді. Ал оның артында олардың өздері білім алып жатқан ҚазҰУ-ға деген ешқашан сөнбейтін махаббаты тұр. Өйткені дәл қазір осында білім алып жатқандар да, қанатын қатайтып, өмірлік азығын алып, төрткүл дүниенің бір шетінде жүргендер де, әсем Алматының төрінде, асқақ, кербез Алатаудың етегінде орналасқан ұлы бабасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ына деген іңкәр сезімін ешқашан өшірмей сақтайтынына сенімдімін.

**Б. ТӨРЕХАНОВА,**
*жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының оқытушысы*

# «Достық аллеясы»

**Халықаралық қатынастар факультеті мен журналистика факультетіне Страсбург университетінен жазғы мектепке келген оқытушылар мен студенттер өзара тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық қатынастар факультетінде болды.**

Факультет деканы бұл жобаның екі мемлекеттің достық қарым-қатынасының нығая түсуіне, сонымен қатар француз тілін оқитын студенттерге таптырмас тәжірибе екендігіне тоқталып өтті. Жас журналистерге сәттілік тіледі. Француз тілін оқитын студенттер қонақтарға емін-еркін сұрақ қойып, ашық жарқын сипатта пікірлесе білді. Француздықтардың сұраққа жауап бермес бұрын қазақша амандасулары көңілге жылылық ұялатты. Күнделікті қажетті сөздерді үйреніп жүргендіктерінен хабардар етті. «Қазақтар ерекше қонақжай халық екен. Қазақтың тойына қатыстым. «Беташарды» көрдім, қазақ тойы мені қатты қызықтырды», – дейді қонақтың бірі шын көңілден ақтарыла. Кездесуде дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы, француз тілінің маманы Ж.Д. Манабаева аудармашылық қызмет атқарды. Кездесу соңында факультет алаңқайынан «Достық аллеясы» ашылды. Бұл мерекелік шара француздық достармен қатар, кафедрада жыл бойы студенттерді білім нәрімен сусындатқан шетелдік оқытушылар – Пулиманти Барбара (испан тілі), Бём Яна (неміс тілі) мен Бельтрами Лючияға (итальян тілі) арналып ұйымдастырылды. Сонымен қатар кафедра ардагерлері – Г.С. Сүлейменова, М.К. Макишева, профессор М.Ш. Ғубайдуллина, кафедра меңгерушісі ф.ғ.д., Ұ.Е. Мұсабекова гүл шоқтарын отырғызды.

Сондай-ақ факультетте оқитын Үндістан, Корея, Түрікменстан, Тәжікстаннан келген шетелдік студенттер де гүл шоқтарын отырғызып, осындай шара ұйымдастырып отырған дипломатиялық аударма кафедрасының ұжымына алғыстарын жеткізді.

**Г.Ә. КӘРІПБАЕВА,**
**Г.У. АХМЕТАЛИЕВА,**
*дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушылары*

**Жақында «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен «Керемет» СҚКО-да белгілі халықаралық журналист, тележүргізуші, ф.ғ.к., телерадиожурналистика және бұқарамен байланыс кафедрасының доценті, Қазақстан Жастар Одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты Қанат Әуесбаймен тағылымды кездесу өтті.**

# ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Кездесуге тек журналистика емес, өзге де факультетстуденттері қатысты. Сұхбатты жүргізген Әлібек Қайратұлы көпшіліктің көкейінде жүрген Қанат Әуесбайдың телевизия саласындағы имиджін қалыптастырған «Әуесбайдың Қанаты» атауына байланысты сұрақпен кездесуді бастады. «Бұл лақап ат емес, – дейді Қанат Әуесбай, – бірде досыммен бәсекелесіп, жаңалықтар жүргізіп болған соң «Әуесбайдың Қанаты» деген болатынмын. Басшылық оң қараған соң осы имидж қалыптасып кетті».

Қанат Әуесбай өзінің студенттік шақтағы қызықтарымен әрі өмірден түйген ойларымен бөлісті. Алдағы уақытта «Керемет» СҚКО-да «Қазақстан – 2050» жалпыұлттық қозғалысының филиалы ашылатынын мәлім етті және оны басқаратын жас журналист Мәди Ахметов болатынын да атап көрсетті.

1992-1997 жылдар аралығында Дина Нұрпейісова атындағы балалар саз мектебінде баян сыныбында, 1997-1998 жылдары Абай атындағы гуманитарлық колледжінің халық аспаптары бөліміндегі баян сыныбында оқығанына қарамастан, журналист болуына ықпал еткен зағип атасы екенін айтты. Қанат Әуесбайдың айтуы бойынша, атасы барлық журналисттердің жазу стилін бірден танып білсе керек. Ал кішкентай Қанат сол мақалаларды атасына дауыстап оқып жүріп, журналист мамандығына қызыққан.

Студенттер арасында «Қазақстан дауысы» жобасының финалисті Ерман Бердалы да болды. Гитарада сүйемелдей отырып студент кездеріндегі жастар әндерін орындады. Қанат Әуесбайдың өзі де домбырада «Келіншек» күйін шертіп берді. Кездесу барысында әзіл де, астарлы әңгіме де болды. Сұхбат соңында «Сұңқар» кәсіподағы атынан сыйлықтар ұсынылды.

**Гүлжанат БЕЛАСАР**

# Молодежь - опора социума

**Заинтересованность молодежи в происходящем в окружающем мире во многом определяет направленность многих отраслей современной жизни: от экономики до искусства. Университет – обитель юношеского духа. Вот уже 3 года, выполняя обязанности куратора-эдвайзера в физико-техническом факультете КазНУ, я нахожусь в одних стенах с самой актиной частью населения. Безусловно, нам преподавателям, есть чему у них научиться. Но, в ходе моей работы, я стала замечать некоторые тенденции в поведении студентов, в их реакции на «вызовы» внешнего мира.**

Первое, чего хотелось бы затронуть - это интерес студентов к учебе. Его, просто-напросто, нет. С появлением Интернета значительно облегчился доступ к информации, а это в свою очередь привело к ее обесцениванию. Ее много, и более не нужно прикладывать каких-либо усилий, чтобы не только отыскать необходимое в библиотеке, но даже и листать страницы – поисковик в аккомпанементе с системой навигации сделают это вместо тебя в считанные секунды. Посему, логика нынешнего поколения такова: «Зачем учить, когда есть Google?!» Действительно, Google превращается в мировое сознание, некий глобальный мозг, и это настораживает.

И это далеко не единственная проблема нынешней молодежи, ибо отсутствие интереса распространяется, к сожалению, так же и на студенческую активность. Бесспорно, активисты есть, но большая часть учащихся, например, нашего факультета, физ-теха, придерживаются режима учеба-дом. Очень мало творческих людей, способных создавать по-настоящему интересные вещи. Необходимо развивать креативное мышление, ведь оно необходимо, как для решения проблем по физике, так и бытовых.

Третья, но, к сожалению, не менее важная проблема посттинейджеров на данный момент – высокое самомнение. Разумеется, здесь имеет место быть юношескому максимализму, ведь молодые обычно имеют обыкновение переоценивать себя, недооценивая окружающих. Однако, когда дело доходит до, скажем, научных дисциплин или любых других сфер образования, проблема обретает действительно огромные габариты. Знания ослепляют наших детей, и они перестают больше прислушиваться к советам более мудрого поколения.

Учитывая вышеизложенные проблемы, руководство университета всячески пытается способствовать их искоренению. Существуют различные кружки и студенческие организации, куда студент без каких-либо проблем может вступить. Помимо этого, для любителей пера имеются мириады студенческих газет, в которых можно разместить свои статьи и очерки. Недавно открылся многофункциональный центр обслуживания студентов «Керемет», в сферы услуг которого входят почти все аспекты жизни: от медицинского обследования и нотариуса до услуг торгово-развлекательного сектора, таких как кинотеатр, кафе, книжный магазин, супермаркет, салон красоты.

Как говорилось ранее, будущее Казахстана в руках студентов. На формирование их характера влияет во многом то, что вкладывают в них преподаватели ВУЗов. Руководство КазНУ прекрасно это понимает и уже обозначило вектор дальнейшего развития. Мы стараемся выпустить не только качественные кадры, но и интересных личностей. Но побороть самую острую проблему среди молодёжи – отчужденность, разжечь в них огонь стремления к самосовершенствованию под силу только им самим, мы лишь должны их направлять.

**А.С. ТАУКЕНОВА,**
*PhD доктор кафедры теоретической и ядерной физики*

В последнюю субботу мая КазНУ собрал тысячи своих экс-студентов на «День выпускника»

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# ҚазҰУ түлектері бас қосты

Ғасырға жуық уақытта бұл оқу орнын бітірген сан мыңдаған түлектің еліміздің, мемлекеттің басқару жүйесінің барлық саласында еселі еңбектерімен үздік көрінуде», – делініп, университетке және түлектерге деген ақ тілегін білдірген.

Мерекелік салтанаттың ашылу рәсімін ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов: «Біздің бастаманы қолдап отырған университет түлектері биыл төртінші рет бас қосып отыр. Олар қара шаңыраққа құрметтерін көрсетіп, осында білім алған ұстаздарына амандасып, өздері оқыған аудиторияларға барып, өздерінің ұмытылмас студенттік күндерін еске алып, достарымен қауышып, өте бір жақсы қуанышта кездесіп отыр. Университет түлектерінің біздің бастамаға оң көзқарас білдіруінің шарапаты университеттің жақсы дамуына септігін тигізіп келеді», –деп университет түлектеріне ыстық-ықыласын білдірді. Сонымен қатар университет ректоры Ғ. Мұтанов университеттің дамуына айрықша үлес қосқаны үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» медалімен филология факультетінің 1959 жылғы түлегі, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының вице-президенті Ө. Айтбаев, белгілі жазушылар Қ. Жұмаділов пен Д. Исабеков, философия-экономика факультетінің 1974 жылғы түлегі, «Тұран» университетінің ректоры Ө. Қопабаев, заң факультетінің 1999 жылғы түлегі, Олимпиада чемпионы, даңқты боксшы, «Бокс бойынша олимпиадалық дайындау» республикалық қазыналық кәсіпорынының директоры Е. Ибраимов және тағы басқа белді түлектерді арнайы марапаттады.








ҚазҰУ Түлектер қауымдастығы барлық факультеттің Түлектер кеңесін біріктірді. Оның филиалдары Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және шетелдерде бар. Кеште сөз алған философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова: «Университет түлектері қауымдастығы – бұл үлкен күш, теңдессіз бірлік шуағы. Ғылым мен білімді, тәрбие мен өнерді ұштастырып, білікті маман дайындап, ұлттың мақтанышы болар элиталар дайындайтын қасиетті шаңырақтың абыройы қашан да асқақ болары сөзсіз», – десе, химия және химиялық технология факультеті деканы Ердос Оңғарбаев: «Бұл күн университет пен оның түлектері үшін естен кетпес естеліктерге, игілікті істерге, шарапатты шараларға куә болатын, керемет күнге айналғаны сөзсіз. Түлектердің өз ұшқан ұяларын қолдап, жанашырлық танытуы, қаржылай немес материалдық көмек беруі шет елдік университеттерде қалыпты жағдай екені белгілі. Шет елдік ЖОО-да түлектер салдырған оқу ғимараттары мен ғылыми зертханалары, олардың атындағы аудиториялардың болуы заңды құбылыс іспетті. Ендеше, осындай үрдіс біздің түлектеріміздің бойында біртіндеп қалыптасатынына сенеміз және соған шақырамыз», – деп ұсыныс тастады.

Түлектер қауымдастығы елімізде бірінші болып мақсатты капитал, эндаумент қорын құруды қолға алғанын ерекше айтуға болады. Алтын ұя университеттегі білім мен ғылымды қолдау мақсатында атаулы шәкіртақылар тағайындап, материалдық-техникалық тұрғыда демеушілік қолдауларын білдірген, университет дамуына өзіндік үлестерін қосқан барлық түлектерге университет басшылығы алғыс білдірді.

2015 жылы ұлттық университет түлектері қатарына үш мың жас түлек қосылғалы отыр. Олардың ішінде студенттік ұйымдардың көшбасшылары, халықаралық көркемөнерпаздар ұйымдарының жеңімпаздары, спорт шеберлері, жас ғалымдар және университеттің қоғамдық өмірінде белсенділік танытқан студенттер бар. 2015 жылғы үздік түлектерді ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев арнайы марапаттады.

Кеш соңы қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Мәдина Сәдуақасова, Жанат Қарман, Шахаризат Сейдахмет және ұлттық аспапты этно-рок стиліндегі «Ұлытау» тобы өнер көрсеткен концерттік бағдарламаға жалғасып, әдемі түлектер биіне ұласты.

Түлектер күні кешкілік түлектер балымен жалғасын тапты. Шарада университеттің бітіруші түлектерін құттықтап келген университет ректоры Ғ. Мұтанов жастарға ақ тілегін білдіріп, жылы лебізін жеткізді. Түлектер балына қатысушы, бітіруші жас түлек М. Ақан: «Университетте жүріп көптеген жетістіктерге жеттім. Ал соның шырағы болған, жол бастаушы болған кафедрама, факультетіме, университетіме алғысым шексіз. Қазір бір ерекше тебіреніс үстіндеміз. Мектепте бала едік, бала көңіл ештеңені есте сақтамайды, университет деңгейінде бозбала шағымыздың бақытты күндерін ұмыту мүмкін емес», – деп әсерімен бөлісті.

Айта кетерлігі, осы Түлектер күнімен тұспа-тұс келетін Химиктер күнін арнайы атап өту химия және химиялық технология факультетінде қолға алынған. Биыл да 54-рет сол дәстүрмен «Ең бастысы туралы көнермеген өлеңдер» деген атаумен факультетте ауқымды мерекелік іс-шара өтті. Шара эмблемасы «КСЕНОН-54» болды. Оған әртүрлі сала бойынша мемлекеттік, халықаралық, коммерциялық, өндірістік және т.б. құрылымдар мен мекемелерде қызмет атқарып жатқан және қазіргі таңда ардагер болып табылатын танымал факультет түлектері қатысты.

ҚазҰУ жанындағы Физика-химиялық талдау және зерттеу әдістерінің орталығы мен аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасы ұйымдастырған шара аясында ҚР Ұлттық Кітап палатасы, «Қазақ университеті» баспа үйі, сонымен қатар әртүрлі фирмалар мен компаниялар өз көрмелерін көпшілікке ұсынды.

Ал табиғи дауыспен корпоративті форматта шырқалған «Химиктер Гимні» көңілдерді бір серпілтіп тастады. Білім және ғылым нәрімен сусындатқан туған алма-матеріммен байланысын үзбей, университеттің эндаумент қорына қаржылық салым беру және кафедралардың зертханаларын қажетті қондырғылармен жабдықтау сынды игі істерімен төл факультеті мен университетінің одан ары дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген түлектерге факультет деканы Е.Қ. Оңғарбаев зор алғысын білдірді. Сондай-ақ кафедра ұжымы даярлаған концерттік бағдарламалар мен құттықтаулар кездесудің салтанатын арттыра түсті.

**Нұрмат ТҰҢҒАТАРОВ**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор м.а.: ***Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА***
Жауапты хатшы – ***Дариға АМАНКЕЛДИЕВА***
Тілшілер: ***Ақмарал ҚУАНЫШЕВА, Рүстем АБРАЕВ***
Дизайнер – ***Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ***
Фототілшілер: ***Талғатбек АСАНОВ, Азамат БУЛАТОВ***
Корректорлар: ***Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА***

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
***kazuniver-gazeti@mail.ru***

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

***Бағасы келісім бойынша.***
***Таралымы 1000 дана***
***Тапсырыс №491***

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.